

Д.К. Кусбеков

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: dumandoc@mail.ru)*

XX ғасыр ойшылдары: қоғам, демократиялық мемлекет және олардың қалыптасу жолдары

Мақалада қоғам, демократиялық мемлекет және қалыптасу жолдарының жалпы қағидалары қарастырылды. XX ғасыр ғылыми прогресс, гуманизм мен демократияның орын басқан уақыты және адамзаттың гүлденген кезеңі деп анықтауға болады. Бірақ XX ғасырдың басында-ақ көптеген ойшылдар техникалық прогресс адамзатқа жақсылықпен қатар, зұлымдықта алып келетінін, адамгершілік принциптерінің орнын материалдық құндылықтар және материалдық принциптер басатынын, ал ол, өз алдына, қоғамда қарама-қайшылықты тудырады деген пікірлер айтып кеткен. Көбінесе XX ғасырдың басын Батыстың рухани мәдениетінің құндылықтарының шарықтау кезеңімен байланыстырады. Феодалдық қатынастардың орнына келген бостандық, теңдік, құқық сияқты ұғымдар еуропалық көзқарастардың негізін қалады. Бірақ сол кездегі қоғамды қатты сынға алған философиялық мектептер де болды. Еуропалық мәдениетті сынға алған марксистер, психоанализ өкілдері, прагматиктер және позитивистер болды. Оның себебі — демократия туралы біржақты анық пікірлердің болмауы және де жаңашалдыққа деген күдікпен қарау. Оның барлығы қоғамдық мәселелермен тікелей және тығыз байланысты. Автордың ойынша, қоғам адамдардың бірігіп өмір сүретін әлеуметтік ортасы болғандықтан, ол табиғаттың күрделі бір материалдық әлемі. Аристотельден бастап Гегельге дейін оны анықтап беруге талпынған ойшылдар көп. Тек жеке ойшылдар ғана емес, кейін келе ғылыми бағыттар мен мектептер құрыла бастады. Қоғам қандай заңдылықтарға сүйене отырып дамиды, оның құрылымы және құрамы қандай, тағы басқа сұрақтарға жауап іздеу жоғарыдағы проблемаларды тудырады. Т.Гоббс және Ж.-Ж.Руссо үшін қоғам ол қоғамдық келісім туралы шарт; Гегель үшін қоғам қоғамдық қатынастардың күрделі жүйесі, оны азаматтық қоғам арқылы қарастырады; О. Конт үшін қоғам адам ойының ерекше формасы; М. Вебер үшін қоғам әрқайсысы барлығы үшін әлеуметтік әрекет ететін адамдардың қарама-қатынасы; Т. Парсонс үшін қоғам норма мен құндылықтар негізіндегі адамдар қырым-қатынасы.

Кілт сөздер: қоғам, мемлекет, демократия, постмодерн, ғылыми мектеп, ғылыми прогресс, логика, өркениет, сана, дәстүр.

XX ғасырдың басында қоғам және мемлекет туралы теорияны — франкфурттық мектептің өкілдері М. Хоркхаймер, К. Мангейм, М. Вебер, постмодернизмнің өкілі Ж. Маритен және тағы басқалар жан-жақты қарастырған болатын.

Франкфурт мектебі — XX ғасырдың 30–40 жж. қалыптасқан неміс философиясы мен әлеуметтанудың бағыты. 1931 ж. *М. Хоркхаймер (1895–1973)* басқарған әлеуметтік зерттеу институты Майндағы Франкфурт университетінің жанында қалыптасты. Осы мектеп өкілдерінің еңбектері 60–70 жж. жарық көрді, әсіресе ол жастар қарсылығының қозғалысымен байланысты болды. Оның мәні АҚШ-та және батыс-еуропалық мемлекеттерде 1970 ж. басында әлеуметтік-гуманитарлық жаңа бағыттардың, мемлекеттік тәжірибелердің қалыптасуына, жоғарғы және орташа білімнің жүйелік өзгерістерімен, жастар саясаты негізімен тығыз байланысты еді. Сонымен қатар қазіргі жастар қозғалысының пайда болуынның негізін қалады.

Франкфурттық мектептің белгілі өкілдері: Макс Хоркхаймер, Теодор Адорно және Герберт Маркузе ғылыми жұмыстарын Майндағы Франкфуртте әлеуметтік зерттеу институтында бастаған. Олар XX ғасыр философиясының мәдениетін қалыптастырушылар болып есептеледі. Көзқарастарының қалыптасуына А. Шопенгауэр мен Ф. Ницше, К. Маркс пен З. Фрейд және экзистенциализм өкілі М. Хайдеггер әсер етті.

Жаңа дәуір ойшылы Р. Декарт қалыптастырған рационалдық қағидалар негізінде әлеуметтік теория қалыптасады, олардың негізі мақсаты — Гегельдік философияны сынға алып оған қарсы тұру. Франкфурттық мектептің негізін қалушылар, қоғамды догматика түрінде қарастырады. Әрине, әлеуметтанудың негізін салушылар үшін қоғам ол адам өмірінің болмысы. Қоғамды тірі биологиялық ағза ретінде қабылдау — заңды процесс, осыдан туындайтыны қоғам догма тәріздес, яғни бөлінбейтін және шара дамиды тұрақты құбылыс емес.

Франкфурттық мектеп өкілдерінің көзқарасын келесі ерекшеліктермен негіздеуге болады:

– еуропалық мәдениетті зерттеу арқылы өркениеттің негіздерін сынға алу. Көптеген проблемаларға рационалды түрде қарау;

– адам мен табиғат арасындағы үздіксіз байланыстың болуы және адам өзінің ішкі ортасында басшылық ету принципі;

– еуропалық өркениет басқару принципіне негізделген, яғни ол табиғатқа және адамға қарсы бағытталған;

– жаңа мәдениет (жаңа өркениет) жаңа рационалды принциптерді талап етеді, осыдан өту жолы жаңа принциптерді қалыптастыру жолы болып табылады.

Макс Хоркхаймер көзқарасы бойынша, XX ғ. философияның басты мәселесі адамға тоталитарлық тәртіппен, авторитарлық әдістердің жеке тұлғаға өктемдігін жүргізу. Қазіргі әлемдегі иррационалдықты сыншыл ойдың көмегімен жеңуге болады және оны адам тек диалектиканың ұлылығын мойындағанда ғана қалыптастыру мүмкін деп атап өтеді. Диалектика даму теориясы ретінде дүниені, соның ішінде қоғамды, логикалық негізі бар құбылыс екендігін дәлелдейді. Әрине, ол өз алдына иррационалды ұғымдарды теріске шығарады. Қарама-қайшылық туындатады.

М. Хоркхаймер мен Т. Адорноның бірлесіп жазған «Ағартушылық диалектикасы» (1948) өз алдына табиғи билік принципін қалыптастырады. Оған бүкіл еуропалық мәдениет бағынып, техника мен технология негізінде модификацияға айналады және рационалдылыққа негізделеді. Еуропалық адам билігінің табиғи принципі — техниканың көмегі арқылы табиғатқа қарсы тұру. Осылай еуропалық өркениеттің басты себебі қалыптасады [1; 78]. Еуропа мемлекеттері техниканың көмегімен жаңа әлемді құруды көздейді.

Қазіргі таңда батыс елдері экономика, мәдениет, ғылым саласында жетістіктері жоғары, бірақ О. Шпенглердің «Еуропаның құлдырауы» атты еңбегінде өркениеттік прогресті қалыпқа сай түсінуден бастарту және Батыстың кері кетіп, азғындағанын мойындау қажет деген болатын. Сондықтан өркениетті тек қана техниканың жетістіктерімен байланыстру және адам болмысы мен модификациясы соған негізделеді деген көзқарас дұрыс емес. О. Шпенглер, М. Хоркхаймер мен Т. Адорноның адам билігінің табиғи принципі, техниканың көмегімен әлемді өзгерту ұстанымына қарсы болған жоқ. Осы әдіс тығырықтан шығудың тек қана жалғыз жолы деген көзқарастарына келіспеді. Сондықтан тек жалғыз осы әдісті негізге алатын болсақ, Еуропаның құлдырауы өзін күттірмейді деген ойды алға тартты.

М. Хоркхаймер соғыстан кейін Германияға қайтып, экономикадан тыс және табиғи емес метафизикалық билік негіздерін қалыптастырды, нағыз тарихи ақиқатты халықтар, таптар немесе топтар жасамайды, ол, керісінше, жеке тұлғалардың өздері жасайды деген пікір айтады. Философияның басты мәселесі – адамдарды өзара түсінушілікке, төзімділікке, үйлесімділікке, іс-әрекеттің құнды шыдамдылығына үйрету болып табылады деген тұжырымға келеді.

Теодор Адорно (1903–1969) тек қана франкфурттық мектептің өкілі ғана емес, сонымен қатар ол атақты эстетик, музыкалық туындылардың негізін философиялық тұрғыдан талдаушысы ретінде танымал. Ол «өтірікті жоққа шығару» әдісінің авторы. Оның мәні Т. Адорно логикалық аяқталған мәселені жоққа шығару әдісі. Бірақ софистердің әдісімен шатастырмаңыздар. Софистер қолданатын әдіс, формалды жағынан дұрыс, ал мазмұны жағынан дұрыс емес ой қорытындысы.

Т. Адорноның негізгі жұмысы «Негативті диалектика» (1966). Өнердің негізі болмыста емес, керісінше, оны жоққа шығаруда. Жоққа шығару (негация) – позитивизмнің жауы әрі ол догматика түрінде қалыптасады. Таза күйіндегі мәдениет мәнді (*essentia*) жоққа шығарады. Мәдениет адамзат құндылықтарының ішіндегі мазмұны жағынан терең және ауқымы жағынан кең. Сондықтан жаңа мәнді және құндылықтарды қарастыру қажет.

Т. Адорно бойынша, әртүрлі түсініктер (ұғым) адам табиғатына зорлық көрсету деп санайды. Ал логика болса, сезім бейберекеттерін қалыптастырушы ретінде, адамға табиғатты басқару үшін билік құралы ретінде беріледі. Оларды қолданушылар ерік билігін қалыптастырады, ал ол, өз алдына, адам өзін-өзі жоғалтуы [2; 403]. Табиғатқа, табиғи құбылыстарға анықтама беру арқылы табиғаттың мәнін жоямыз. Табиғат адам көрінісі емес, адам — табиғаттың көрінісі. Табиғатты адамдандыруға болмайды. Ол оның алғашқы мәнін жояды.

Франкфурттық мектептің теориялық позицияларын жалғастырған *Герберт Маркузе (1898–1979)*. Оның айтуы бойынша, батыстық мәдениет өзінің жайлылық (комфорт) ерекшеліктерімен, техникалық шоғырлануымен, қауіпсіздік жағдайдымен ерекшеленеді.

«Бірөлшемді адам» атты еңбегінде (1964) ол *индустриалық қоғам* туралы айта келе, индустриялық қоғам жоғарғы өмір дәрежесін тудырады деген ойға келеді. Ол бүкіл оппозициялық күштердің қолын байлайды және әрі қарай дамуына жол бермейді. Осыдан келіп, «Бірөлшемді қоғам» және «бірөлшемді адам» ұғымдарын енгізді. Бірөлшемді қоғам дегеніміз — бұрынғы адамгершілік құндылықтарының бәрінен айырылған, басты құндылығы индустриялы даму болып табылатын тоталдық жүйе; бұл қоғамдық жүйенің өз ішіндегі қандай да бір еркіндікке шек қоя отырып, «сыртқы еркіндік» үшін күреседі. Бірақ күрес жан-жақты жүргізілгенімен, адамға еркіндік берілмейді. Бірөлшемді қалып-күйден шығу үшін мәдени құндылықтардың өзгеруі және «ішкі еркіндікті» таба алу қажет. Бірөлшемді қоғам саяси және рухани теңгермешілдік (уравниловка) катерлі тенденциясын тудырды және бұған «бірөлшемді» адамның қалыптасуына кінәлі құқық пен бостандықтың мән-мағынасына деген парықсыздығымен ғылыми, оқу-ағарту, білім мүмкіндіктердің пайда болуы. Бірөлшемді қоғам бір жақтылықтан, конструктивтіліктің жоқтығынан қалыптасты, ал бұл оппозицияның болмауына әкеп тірейді. Бірөлшемді қоғамның қауіптілігі — ол ерекше «адам типін», ештеңе айта алмайтын және айтқысы келмейтін, мемлекеттік құрылымдарға толық тәуелді адамды тудырады.

Бұл қоғамда тек техника, технологиялық жағдай орын алады, рухани жағдай мүлдем ұшыраспайды. Табиғат алдындағы билік рационалды құрылған өндіріс және қоғамды басқару, тұтынушылар қоғамына әкеледі [3]. Ал К. Маркстың классикалық суреттеулері буржуазия мен пролетариат қатынасына байланысты адамзат дамуына революциялық түрде әсер етеді. Жаңа әлеуметтік шындық пайда болады – ол тұтынушылар қоғамы, олар қалыптасқан қоғамдық қарым-қатынаста біржақты және интегралды болады. Г. Маркузенің ойынша, қазіргі замандағы қоғамда жаңа бағыттар бар. Бұл – қазіргі еуропалық мәдениеттің *үшінші күші* болып табылады. Бұл жаңа бағыт (күш) – бұл жастар және гетто адамдары. Олар қарама-қайшылықтың негізі, олар ұран тасушылары – тоталдық негация (жалпы жоққа шығарушылық), әлеуметтік білімді ұстанатындар [3; 10]. Өзіндік әлеуметтенудің болмысын қалағандар.

Г. Адорно және М. Хоркхаймер, Г. Маркузенің негізінде қазіргі батыс қоғамында жаңа қоғамдық ағымдар пайда болды. Индустриялық қоғамның құлдырауын Г. Маркузе мынадан көреді: «Онда иррационалдықтың жалпылығы немесе ортақтығы өседі: шектеуді қажет ететін өндіріс; басқыншылдық экспансияға деген құмарлық; үнемі соғыстың болып қалу қауіпі; күшейген зорлық-зомбылық; дегуманизация» [3; 13].

Тоталдық негацияның концепциясы өз уақытында батыс жастары қолдаған, франкфурттық мектептің еңбектерінде «жаңа бөтендердің» немесе «жаңа солшылдардың» әртүрлі бағыттары қалыптасқан. Бірақ толығымен әлеуметтік қоғамдағы сыншылдық теориясында бұл қозғалыс жалғасын таппады.

XX ғасыр философиясы тарихында франкфурттық мектеп өз ізін қалдырды, еуропалық рационалдылықтың ерекшелігін ашты, әлеуметтік теориялардың мағынасы мен рөлін көрсетті және бұл адамдардың тәжірибелік іс-әрекетімен байланысты болды [1; 56].

«Жаңа бөтендерді» қатты сынаушылар деді, саяси партияларға қарсы шығушылар деп қатты сынға алды, 35 жастан жоғарылардың бәрі мемлекеттік саясат пен идеологияға қарсы, олар тек эмоционалдық жауларына қарсы, олар франкфурттық мектептің жұмыстарына сүйене отырып, өздерінің іс-әрекеттері мен дәстүрлі капитализмнің дамуына қарсы әрекет етті, конвергенция және ақпараттық қоғам құру жолында бөгет жасады деген сынға ұшырады.

М. Вебер (1864–1920) әлеуметтік саяси концепциясының негізі билік ету болып табылады деген пікірді ұстанды. М. Вебердің «Легитимдік билік ету» еңбектерінде кеңінен талқыланады. Жеке тұлғалар басқарушының билігінде. М. Вебердің айтуы бойынша, «билік ету бұйрық айтуға және бағындыру мүмкіндігі болып табылады». Билік құрудың бірінші түрін М. Вебер «легалды» деп айтады. Оның ойынша, бұл типке қазіргі замандағы еуропалық мемлекеттер жатады: Англия, Франция, АҚШ т.б. Мұндай мемлекеттер жеке тұлғаға немесе жеке топтарға бағынбайды, керісінше, қабылданған және белгіленген заңдарға бағынады және осы белгіленген заңдарға басқарушылар және басқарушының қарамағындағы адамдар да бағынады. Басқару аппараты арнаулы дайындалған, мамандандырылған қызметкерлерден құралады. Құқықтың бастамасы – легалдық билікке негізделген принцип. Нақты осы принцип, М. Вебер бойынша, қазіргі кездегі капитализмнің дамуына қажетті рационалдық жүйенің дамуын қалыптастырады деп тұжырымдайды. Бұл билік етудің типі рационалдық-формалдық экономика құрылымына сәйкес келеді. Бюрократиялық билік – бұл білім құралдарының билігі, осыдан келіп ерекшелік рационалдық мінез-құлық қалыптасады.

М. Вебер «*формалдық рационалдықтың идеалды типі*» ретінде индустриалдық мемлекеттерді қарастырмайды. М. Вебер «*зорлық-зомбылық жасау «құқығының» бірден-бір көзі — мемлекет*» деген пікірді негізге ала отырып, адамды машинамен теңдестірген, адамда, қызметке деген қызығушылықтан, басқа қызығушылықтар жоқ және болмайды [1; 28]. Мемлекетті басқару үрдісінде адам техника тәріздес, оның іс-әрекеті нақты мақсаттарды орындауға бағытталған. Сондықтан, болар, басқарушы өз іс-әрекетінде тек қабылданған және белгіленген заңдарға негізделеді.

Легитимдік биліктің екінші типін М. Вебер «дәстүрлік» деп айтады. Бұл тип белгілі қалыптасқан салт-дәстүр, әдеттері үлгілеріне негізделген билік. Бұл биліктің мәні қарым-қатынаста дәстүрлі билік тек заңдық негізде емес, сенімге, сонымен қатар қалыптасқан ережелердің құдіретіне негізделеді. М. Вебердің ойынша, билік етудің бұл типінің түрі – ол патриархалдық билік. Бұл қоғам қазіргі кездегі буржуазиялық қоғам деп сипаттайды. Дәстүрлі биліктің типі өзінің құрылымы жағынан отбасы құрылымымен сәйкес келеді. Осы жағдай дәстүрлік билік түрін тұрақты етіге тырысады.

Басқару аппаратының құрылымы басқарушының үйіндегі қызметкерлеріне, туыстарына, жеке жолдастарына байланысты қалыптасады деген пікір айтылады. Биліктің басқа түрлерінен ерекшелігі бұл билік түрі сенімге негізделеді.

Биліктің үшінші типі, М. Вебер бойынша, *харизмалық билік*. «Харизма» түсінігі М. Вебердің әлеуметтік-саяси ілімінде басты роль атқарады. Бұл сөздің этимологиялық мағынасы [4] басқалардың арасынан оны ерекшелейді. Бұл қасиет жүре біткен қасиет емес, ол адамға құдайдың берген және тағдыр сыйлаған қасиеті. Харизмалық қасиеттерге М. Вебер магиялық қабілеттерді, қасиеттерді, рухтың күшін және сөздің магиясын жатқызады. Ойшыл билікке мынадай анықтама берген болатын: «Билік – бұл А индивидінің Б индивидінен Б өз еркімен жасамайтын және А-ның қалауына сәйкес келетін мінез-құлық, іс-әрекетті орындау немесе бастартқызуға жету қабілеті». М. Вебер бойынша, харизмалық мінез-құлықты батырлар, әскер басшылары, белгілі саясаткерлер, әлемдік діндерді қалыптастырушылар және басқада типтер иеленген (мысал үшін, Будда, Христос, Мұхаммед, Солон, Ликург, Цезарь және т.б.).

Харизма басқарушыға адалдықтың қайнар көзі ретінде емес және оның формалды түрде қабылдау емес, біріншіден, харизмаға сену мен оған адал болу болып табылады. М. Вебердің анықтауы бойынша, тайпа басшысы өз харизмасын сақталуын қамтамасыз етуі тиіс. Басқару аппаратты адамның жеке ерекшеліктері негізінде құрылады. Рационалды – формальдықтан және дәстүрлі билеуші харизмалық типтен қалыптаспаған ережелер мен шешімдердің ақиқаттылығы кейбір жағдайларда интуициямен негізделеді [1; 22].

Легалды билік, М. Вебердің ойынша, дәстүрлі және харизмаға негізделген биліктерге қарағанда, әлсіздеу болып келеді. Бұл жерде заңды сұрақ туындайды: «Оның себебі неде?» Бұл сұраққа жауап беру үшін биліктің легалды түрі өз алдына нені қалыптастыратынын білуі қажет. Атап өткендей, М. Вебер легалды биліктің негізі ретінде мақсатты-рационалды іс әрекетті алады, ал таза күйдегі легалды билікте формалды-рационалды іс-әрекетті алады, таза түрінде легалды билік ол «бюрократиялық машина» тәріздес.

Рационалдылық, М. Вебердің түсінігінше, бұл формалды функционалдық шындық, яғни ерікті түрдегі құндылық жиынтығы. Бұл легалды билік болып табылады. Сондықтан формалды-рационалды мақсат өзінің ішінде үнемі қандайда бір мақсат арқылы анықталады. Легалды билік күшті легитимдікті иеленбейді, ол басқа бір нәрсемен – дәстүрмен немесе харизмамен күштенуі мүмкін.

Бұл жерде бір жағдайды аңғару қажет. М. Вебердің философиялық және саяси-әлеуметтік көзқарастарын қарастырған кезде жан-жақты болуды талап етеді. Егерде шектеулі түрде қарастыратын болсақ, билікке қатысты көптеген мәселелер шет қалып қояды. Мысалға, ол ешқашан парламенттің халық үшін қажеттілігіне күмән келтірген жоқ, сонымен қатар заңды сайланған билікті шектеу туралы пікір айтқан жоқ, керісінше, басқару аппаратының қызметіне бақылау жасауды ұсынды. М. Вебердің еңбектеріне дұрыс баға беру — сол уақыттың тарихи жағдайларына дұрыс баға беру.

Карл Мангейм (1893–1947) – неміс философы, мәдениеттанушы және әлеуметтану ілімінің негізін қалағандардың бірі. М. Вебердің шәкірті, идеологияға қатысты зерттеулерге өз үлесін қосқан, ол мемлекет пен қоғамның өзара қатынасында өзгермейтін белгілері болады деген қорытынды жасаған. К. Мангейм берген анықтама: «Идеологияны біз көрсеткіштің трансценденттік болмысы деп айтамыз, олар *de facto* өзінің мазмұнын қалыптасуына ешқашан жете алмайды». Идеологияның мәні – өтірік айту, барлығы жалған болып табылады деген сын пікір айтып кеткен. «Идеология және утопия» атты мақаласында ол идеологиялық сананың үш түрін бөліп көрсетеді.

Бірінші түрге мынаны жатқызады: негіздеуші және қабылдаушы субъект өзінің ақиқатын қалыптастыру процесінде көптеген себептерді анықтай алмайды, ал, ол өз алдына, аксиоматиканың тарихи және әлеуметтік детерменистік ойлау қағидасын анықтау мүмкіндігі жоқ екендігіне тап болады.

Екінші түрі «сант – еркін өтірікші» деп санауға болады, оның мінездік сыбайластылық ретінде оның идеялары мен әрекеттерінің сәйкес келмеуін анықтау, виталдық инстинкт басшылығына негізделеді» [5].

Сананың үшінші түрі – шындықты түсіну қабілетіне ие. Көптеген ақпараттардың ішінен шындыққа жанасатын, ақиқатқа ие түрін бөліп алу қабілеті.

Сонымен, сананың бірінші түрі тоталдық бақылаушы идеология ретінде, екінші сана түрі басылған немесе қабылданған идеологияның санасы және әлемді реалды түсінуге мәжбүр ететін түрі, сананың үшінші түрі ақиқатты толық қабылдауға қабілетті түрі.

К. Мангейм утопиялық сананың хронологиясын анықтайды. Оның талдауында 5 түрді табуға болады. Бірінші түрі – «анабаптистердің оргиастикалық хилиазмі». Мұндай сана шындық ретінде мыңжылдық құдайлық билікті қабылдайды. Утопиялық сананың екінші түрі – либералдық гуманистік ақыл-ой. Бұл сана жамандыққа қарсы дұрыс шешімдерді қабылдауға әсер етеді. Үшінші түрі утопиялық сананың – тұрақтылық ой, «тұрақтылық ой басшылықтың инстинктивті санасы, теориялық негіздеудің иманентті факторлар болмысы». Утопиялық сананың төртінші түрі – әлеуметтік-коммунистік утопия. Либералды ойлар сияқты, еркіндік және оның теңдігі болашаққа ауысады. Бесінші түрі – қазіргі кездегі констелляция. Қазіргі қоғамда, автордың ойынша, жоғарғы дамуды консерватизм алады. «... Нақты болмыста биліктің кең дәрежелерін қалыптастырса онда эволюцияны жеңуге көп мүмкіндік бар және бұл қабаттардың консерватизм орнатқан жолға түседі деген жорамал бар» [5].

Сонымен, К. Мангейм бойынша, сананың бес түрін қарастыра келе, мынадай қорытындыға келуге болады: тарихи даму біздің санамызда идеологиялық рөлдердің бәсеңдеуіне әкеп соқтырады. Идеология коммунистік тәртіптердің құлдырауына байланысты салыстырмалы түрде шындыққа жақын бола бастайды. Оның болмыс қатынасына байланысты трансценденттігі, оны терістеуге әкеп тірейді. Бірақ техникалық прогресс идеологтардың қолына өз идеяларын іске асыру жолында күшті қарау болып саналады.

XX ғ. II жартысын салыстырмалы түрде демократияның триумфалдық кезеңі деп айтуға болады. II Дүниежүзілік соғыстан кейін фашистік және профашистік тоталитарлық орталықтар қирап, Еуропа мен Азиядағы демократияға қарсы тұрған отаршылдық жүйенің күйреуі ұлттық революция, коллониялық мемлекеттерде Азия, Африка және Латын Америка елдерінде демократиялық жүйені құруға үлкен мүмкіндіктеріне жол ашты. Этатистік-бюрократиялы тәртіптерінің құлдырауы нәтижесінде демократиялық тәртіп кеңінен орын ала бастады. Мысалға II Дүниежүзілік соғысқа дейін 20 демократиялық мемлекет болса, соғыстан кейінгі онжылдықта олардың көлемі 100-ден барып асты.

Демократияның сыртқы жетістіктері батыс ойшылдары үшін «тарихтың соңы» деген жорамалына әкеп тірейді, соған қарамастан, либералды демократия басқа қоғамдық саяси ағымдарға қатты әсерін тигізіп, әлемдік триумфатор ретінде қабылданды.

XX ғасырдың басында демократияға қарсы болған факторлар қандай? Әрине, ол бірінші кезекте әлемдік жаһандану процестерімен байланысты.

Бірінші, мемлекеттегі халықтың тұрмыс жағдайына байланысты. Екіншісі капиталдың жаһанды өріс алуы. Ол демократияның ішкі кепіліне, ұлттық-демократиялық ішкі жағдайына әсер етеді. Бұдан келіп ұлттың жайлылық жағдайынан жаһандық параметрлер жағдайына өту мәселесі қалыптасады. Саясатта демократиялық негіздер емес, керісінше, авторитарлық негіздер қалыптасады. Екіншісі, унификационалдық аспектілердің жаһандық процестеріне және ұлттық қоғамдастықтың әлеуметтік мәдени аймақтық өркениетіне өту процесі.

Әлемде демократияның әртүрлі типтері қалыптасқан және көбісі батыс либералдық модельдеріне сәйкес келмейді. Рональд Глегард пікірі бойынша, «әлемнің толық унификациясының болуы мүмкін емес және оған талпыну демократиялық принциптерге қарсы тұру» [6]. Жаһандықты көп көріністердің өзін қалыптастырумен сәйкес келтіру мәселесі туады.

Сонымен, үшіншісі – ол плюрализм. Демократияның классикалық тұжырымдамасы келесі қағидадан шығады: халық билігі жалпы қызығушылыққа негізделген, көпшілік азаматтар өздерінің

жалпы еріктеріне негізделеді. Постиндустриялық қоғамның ақиқаты ол қоғамдағы беймәлім құбылыстарға қарсы болуында.

Төртіншісі – «жаңа деспотизм», қоғамға манипуляция жасаудың түрі. Тирандық тәртіптен өзгеше «жаңа деспотизм» ол ашық түрдегі зорлық-зомбылықты қолданбайды, тұлғаның құқықтарын нақты бұзуға, демократиялық институттардың жоюлуын мақсат етеді. Демократияның сыртқы бейнесі сақталады, бірақ оның ішкі мазмұны сақталмайды.

Биліктің әлемдік технологиясы, М. Фуконың айтуынша, «бүкіл жерде» адамзатқа «репрессивтік қажеттіліктерді» байланыстырады, өмір тұрмысының гедонистік талпынысы және адамзаттық белсенділікті тоқтатушы. Бұл құбылысты зерттеген Б. Капустин «жаңа деспотизм» «адам өмірін саяси болмыстың шегіне шақырады» дейді [7].

Теориялық ізденістің негізгі бағытында «делиберативті» («deliberative») концепциясы болды, ойлаушы және рефлексивтік демократия. Оның басты идеясы – қоғамдағы перманентті және асыра сілтеушілік (максимальный) кең саяси пікірталас.

Делиберативті демократияның мағынасы нақты түрде *Кристин Ханэлд* және *Айрси Янг* мақалаларында көрсетілген. Демократияның бұл түрі Швейцарияда кеңінен қолданылады. Демократияның осындай моделі өз алдына процесс ретінде, онда адамзат өз мәселелерін бірле шешіп, бір-бірін қолдауға тырысады, олар қабылданған шешімдерінің әділ және тиімді болғанын қалайды.

Коммуникативті-демократиялық процесте оған қатысушылар өзінің жеке қызығушылықтарын немесе сұраныстарын басқалардың қызығушылығына қарсы қоя алмайды, себебі олар дәлелдемелерді талап етеді [8; 86, 87].

Б. Бохман саяси кедейлер деген түсінікті келтіреді, демократиялық процесте адамзаттың тиімді қатысуының мүмкінсіздігін көрсетеді — тұрғындар халықтық рефлексияға атсалыса алмайды және «саяси жағу» — олардың үндемеуі басқарушы қауым арасында интерпретацияға түседі, бұл өткізуші курс пен өткізуді білдіреді.

Концепцияның басты жетістігі қоғамдық рефлексияның шектерін анықтау және саяси көп бейнелікке жақындау, бүкіл адамзаттың тәуелсіз және тең құқықсыздығын қамтамасыз ету. Бұның бәрі *Ноэлл О'Саливанның* дискурсиондық теориясы – бұл «постмодернистік көп бейнелікке жауап қана емес, сонымен қатар рационалдық ауытқудың жорамалы болып табылады» [9]. Әлеуметтік көпбейнеліктің демократиялық рационалды консенсусының қалыптасуы «агонистік демократияның» концепциясы. Делиберативті теорияның кемшілігі тұрақты бәтуаластық (консенсус) принциптік мүмкіндігіне кедергі келтіреді. Сондықтан бұл концепцияны жоқтаушылар либералдық демократиялық дәстүрге сүйенбейді. Осыған байланысты мемлекет әкімшіліктік-құқықтық реттеу жолдарын атқарады. Осындай реттеу саяси жағдайды анықтау үшін жоққа шығарылуы керек [10; 2].

Агонистикалық теорияға ассоциативтік демократия жақын. Оларды саяси плюрализмге қатысты жалпы қатынасты жақындатады, демократияның мұндай түрлерінің ерекшеліктерінің маңыздылығы олар өз-өзін қалыптастыруда саяси көзқарастардың унификациялары мен шектеулеріне жол бермейді.

Бұл кезде нақты тек қозғалыс пен релятивтік саяси наным-сенімдерге байланысты жасалады. Уақыттың талаптары өзгеріске ұшырағанда демократияның өзі соншалықты өзгермелі және ол «жойылушы түрге» айналады. Осы концепциядан шығатын қорытынды – халықтың сол заманға сай қоғамның ерекше ойы пікірінің қалыптасуы.

Осы концепцияның өкілі *Шантель Муффтың* ойынша, «ол саяси жекеліктің жалпы түрін қалыптастырады және олар іс-әрекеттердің басқа түрлеріне қатысты, бұл саяси қоғамдастықтың қазіргі кездегі түрі және ол жалпыға бірдей пайдалы фундаменталды ой болып табылады және халықты толғандыратын жалпы негіз болып табылады» [11].

Демократияның азаматтық ассоциативтік концепциясы тез арада постмодернистік реалитивизмде жалғасын тапты. Қазіргі жағдайда оның жақтаушыларының түсінігінше, демократия өзгермелі және ауыспалы болып табылады, уақыт өте келе қайта құру заманында «жойылушы» негізге айналады.

Сонымен, бұл концепцияда рационалдық мәні бар. Демократия туралы көптеген сұрақтарға жауап іздеуіне, плюралистік пікірлердің қалыптасуының өте маңызды жолы болып табылады. Сонымен қатар ол, бір жағынан, демократиялық құрылымдарының бюрократиялық көріністеріне байланысты болады және де қазіргі динамикалық шындыққа сәйкес келмейді. Демократия туралы мәселеге жауап іздеу процесінде қазіргі уақытта біржақтық көлемге айналды: жеке тұлғаның автономиясын өзінің еркіндік таңдау жағдайына, қоғамдық келісушілікте қалай сәйкестендіруге және мұндай тәуелсіздік тек таңдаулыларға ғана емес, бәріне бірдей болуы үшін бе деген сұрақтарға. Бұл

сұрақтардың негізгі мәселесі адамзат шеше алмаған теорияға негізделеді. Ж.-Ж. Руссо оны нақты қалыптастырады: «Мұндай ассоциацияны ашу тұлғаны әртүрлі күрделі проблемалардан сақтап қалады және әр қоғам мүшесінің жеке меншігін қорғайды» [12; 207].

Жаһандандыру процесі мен постиндустриялық процесс бұл мәселені қиындатуы мүмкін. Негізінен жеке тұлғаның қоғамдық келісушілігі мен үндестігінің автономиялық жету мәселесіне байланысты, адам болмысының үнемі болатын қиыншылықтарының қатарына әлеуметтің қалыптасуы мен тұлғаның еркіндігі арасында болмақ және бұл тарихи шиыршық (спираль) жаңа кезеңінде қалыптасады.

Гуманизмнің әмбебап принциптері, адам санасының зор күшіне сенімі өмір процесін және жеке тұлғаның, оның ішкі дүниесіне тәртіп орнататын постмодернисттердің сындарының негізі болды. Постмодернистік зерттеудегі жетістіктерді қабылдай келе, олардың жаңа басқару парадигмасының қалыптасуына әсер етті, мұндай қатынастың диагностикалық жоюшы рөлін атамай кетуге болмайды. Ол әлеуметтік модельдерін жорамалдау құрылымдарын қалыптастыру болып табылады. Бұл дегеніміз — адам өмірін индустриялизациялау. Осындай кезде постмодернистер иерархиялық тәртіпті орнатуын мүмкін емес деп тұжырымдайды. Олар мемлекеттің идеалды үлгісінің бар екеніне сенсе де, өздерінің көзқарастарын максималды энтропияға негіздейді, тең мүмкіндігі және тең қасиетке бүкіл конститутивті элементтердің бар болуына сенеді [13; 83].

Ж. Маритен еңбегінде «жаңа демократия» үшін «нақты-тарихи» идеалды ұсынады: «Біз көптеген қайшылықтарға тап боламыз, оларды саналы түрде ақтау қажет, бірақ олар адамдар арасында келісімге келу үшін тиімсіз» [14; 75]. Ж. Маритеннің айтып отырғаны әр адамның өмірлік позициясы бар, осы позицияға рационалды түрде сүйене отыра, олар өз көзқарастарын жақтайды. Сол себептен араларында қайшылық туындайды. Бұл заңды процесс. Сондықтан олар бір келісімге келуі тиіс. Олар келісімге келмейтіні «Неліктен?» деген сұрақ туындайды, осыдан келіп қайтадан пікірталас басталады.

Адам құқығына келгенде философ үшін рационалды негіз қажет. «Адам құқығының философиялық негізі – ол табиғи құқық» [14; 79]. «Жаңа демократия» үшін «нақты-тарихи» идеалды ұсынып отырған Ж. Маритен мемлекет өз тәуелсіздігінен бастарту керек, яғни саяси қоғам автономды болуы керек, дейді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Давыдов Ю.Н. Критика социально-философских воззрений франкфуртской школы / Ю.Н. Давыдов. — М., 1977. — 324 с.
- 2 Адорно Т. Мораль философиясының мәселесі // Батыс философиясының антологиясы / Т. Адорно; ауд.: Қ. Әбішев, М. Сәбит, Ә. Қодар, А. Сағикызы. — Алматы: Фонд «Сорос-Қазақстан», 2002. — 410 б.
- 3 Маркузе Г. Одномерный человек / Г. Маркузе. — М., 1994. — 231 с.
- 4 Хессе К. Основы конституционного права ФРГ / К. Хессе. — М., 1981. — 167 с.
- 5 Мангейм К. Идеология и утопия / К. Мангейм. — М., 1991. — 157 с.
- 6 Глегард Р. Модернизация и постмодернизация. Антология. Новая постиндустриальная волна на Западе / Р. Глегард. — М., 1999. — 286 с.
- 7 Капустин Б.Т. Современность как предмет политической теории / Б.Т. Капустин. — М., 1998. — 229 с.
- 8 Hunald Ch. and Iris M.Young. Justice, Democracy and Hazardous Siting / Ch. Hunald // Political Studies. — 1998. — Vol. 46, No. 1. — P. 86, 87.
- 9 Osulliran. Difference and the Concept of the Political in Contemporary Political Philosophy / Osulliran // Political Studies. — 1998. — Vol. 45, No. 4.
- 10 Honig B. Political Theory and Displacement of Politics N.U. / B. Honig. — London, 1993. — P. 289.
- 11 Monffe Ch. The Return of the Political / Ch.Monffe. — London, 1993.
- 12 Руссо Ж.-Ж. Об общественном договоре. Трактаты / Ж.-Ж. Руссо. — М., 1998. — С. 207.
- 13 Approaching postmodernism / By D.W. Fokkema, H. Bertens Ed. — Amsterdam, 1986. — P. 82,83.
- 14 Маритен Ж. Человек и государство / Ж. Маритен; пер. с англ. Т. Лифинцевой. — М.: Идея Пресс, 2000. — 196 с.

Д.К. Кусбеков

Мыслители XX века: общество, демократическое государство и пути их становления

В статье рассмотрены общие принципы общества, демократического государства и пути их становления. XX век можно определить как научный прогресс, время гуманизма, демократии и период процветания человечества. Но уже в начале XX в. многие мыслители говорили о том, что технический прогресс принесет человечеству не только добро, но и зло, нравственные принципы заменятся материальными ценностями и материальными принципами, что, в свою очередь, приведет к противоречиям в обществе. Чаще всего начало XX в. связывается с кульминационным периодом ценностей западной духовной культуры. Такие понятия, как свобода, равенство, право, которые пришли взамен феодальных отношений, заложили основу европейских взглядов. Но были и философские школы, которые сильно критиковали общество того времени: марксисты, представители психоанализа, прагматики и позитивисты. Причиной этого было отсутствие единого мнения о демократии и сомнительное отношение к изменениям, происходящим в обществе. Автор подчеркивает, что общество есть сложный материальный мир природы, так как оно является социальной средой, в которой люди живут вместе. Многие мыслители от Аристотеля до Гегеля пытались определить, что такое общество. Этим вопросом задавались не только отдельные мыслители, но и сформировавшиеся позже научные направления и школы, которые искали ответы на следующие вопросы: исходя из каких закономерностей развивается общество, какова его структура и т.п. Для Т. Гоббса и Ж.-Ж. Руссо общество – это договор об общественном согласии; для Гегеля, рассматривающего общество через призму гражданского общества, оно является сложной системой общественных отношений; для О. Конта общество есть особая форма человеческого сознания; для М. Вебера общество — взаимоотношения людей на основе социального действия, где каждый для всех, для себя; для Т. Парсонса общество есть взаимоотношения людей на основе норм и ценностей.

Ключевые слова: общество, государство, демократия, постмодерн, научный прогресс, научная школа, цивилизация, сознание, традиция.

D.K. Kusbekov

Thinkers of the Twentieth Century: Society, a Democratic State and the Ways of their Formation

The article discusses the general principles of society, a democratic state and the ways of their formation. The twentieth century can be defined as scientific progress, a time of humanism, democracy, and a period of human prosperity. But already at the beginning of the 20th century, many thinkers said that technical progress would bring humanity not only good, but also evil, moral principles would be replaced by material values and material principles, which, in turn, would lead to contradictions in society. Most often, the beginning of the 20th century is associated with the culmination of the values of Western spiritual culture. Concepts such as freedom, equality, law, which came in exchange for feudal relations, laid the foundation of European views. But there were philosophical schools that strongly criticized the society of the time: marxists, representatives of psychoanalysis, pragmatists and positivists. The reason for this was the lack of a common opinion about democracy and a dubious attitude to the changes taking place in society. The author emphasizes that society is a complex material world of nature, since it is the social environment in which people live together. Many thinkers from Aristotle to Hegel tried to determine what society is. This question was asked not only by individual thinkers, but also later formed scientific fields and schools, which were looking for answers to the following questions: based on what patterns the society develops, what is its structure, etc. For T. Hobbes and J.-G. Rousseau society is an agreement on social consent; for Hegel, who views society through the prism of civil society, it is a complex system of social relations; for O. Comte, society is a special form of human consciousness; for M. Weber, society is a relationship of people based on social action, where everyone is for everyone; for T. Parsons himself, society is a relationship of people based on norms and values.

Keywords: society, state, democracy, postmodern, scientific progress, scientific school, civilization, consciousness, tradition.

References

- 1 Davydov, Yu.N. (1977). *Kritika sotsialno-filosofskikh vozzrenii frankfurtskoi shkoly [Criticism of the social and philosophical views of the Frankfurt school]*. Moscow [in Russian].

- 2 Adorno, T. (2002). Moral filosofiiasynyn maselesi [The problem of moral philosophy]. *Batys filosofiiasynyn antolohiiasy*. (K. Abieshev, M. Sabit, A. Kodar, A. Sahikyzy, Trans). Almaty: Fond «Soros-Kazakhstan» [in Kazakh].
- 3 Markuze, G. (1994). *Odnomernyi chelovek [One-dimensional man]*. Moscow [in Russian].
- 4 Hesse, K. (1981). *Osnovy konstitutsionnoho prava FRH [Fundamentals of constitutional law G]*. Moscow [in Russian].
- 5 Mangeim, K. (1991). *Idealohiia i utopiia [Ideology and utopia]*. Moscow [in Russian].
- 6 Glegard, R. (1999). *Modernizatsiia i postmodernizatsiia. Antolohiia. Novaia postindustrialnaia volna na Zapade [Modernization and post-modernization. Anthology. A new post-industrial wave in the West]*. Moscow [in Russian].
- 7 Kapustin, B.T. (1998). *Sovremennost kak predmet politicheskoi teorii [Modernity as a subject of political theory]*. Moscow [in Russian].
- 8 Hunald, Ch., & Iris, M. Young (1998). Democracy and Hasardeng Siting. *Political Studies, Vol. 46, 1*.
- 9 Osulliran (1998). Difference and the Concept of the Political in Contemporary Holittcal Philosophy. *Political Studies, Vol. 45, 4*.
- 10 Honig, B. (1993). *Political Theory and Displacement of Politics N.U.* London.
- 11 Monffe, Ch. (1993). *The Preturn of the Political*. London.
- 12 Russo, Zh.-Zh. (1998). *Ob obshchestvennom dohovore. Traktaty [The social contract]*. Moscow [in Russian].
- 13 Fokkema, D.W., & Bertens, H. (Eds). (1986). *Approaching postmodernism*. Amsterdam.
- 14 Mariten, Zh. (2000). *Chelovek i hosudarstvo [Man and the state]*. (T. Lifincevoi Trans). Moscow: Ideia Press [in Russian].